

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылға арналған стипендиясын жоғары оқу орындары арасында бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 наурыздағы № 116 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 20 сәуірде № 15024 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы № 1134 қаулысының 4-тармағын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылға арналған стипендиясын жоғары оқу орындары арасында бөлу бекітілсін.

2. Жоғары оқу орындарының ректорлары Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын студенттер мен магистранттарға жоғары оқу орындарының ғылыми кеңестері шешімдерінің негізінде тағайындасын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Д.Ж. Ахмед-Заки) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде ресми жариялау үшін мерзімді баспасөз басылымдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2), және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Қаржы департаменті (А.Ә. Өтешова) көрсетілген стипендияны тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттар шегінде төлеуді жүзеге асырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А. Суханбердиеваға жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

Е. Сағадиев

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы 14 наурыздағы
№ 116 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылға арналған стипендиясын жоғары оқу орындары арасында бөлу

№	Жоғары оқу орнының атауы	Стипендия		"Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	71	2
		студент	магистрант			
2.	"Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	10	1			
3.	"Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	70	2			
4.	"К. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	31	2			
5.	"Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	15	-			
6.	"Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	3	-			
7.	"Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	20	-			
8.	"Атырау мұнай және газ институты" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	2	-			
9.	"Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті"	20	-			

	шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны		
10	"С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	20	-
11	"Шәкәрім атындағы Мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	19	-
12	"І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	14	-
13	"М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	19	-
14	"Қазақ қыздар мемлекеттік педагогикалық университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	19	-
15	"Қарағанды мемлекеттік индустриалды университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	5	-
16	"Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	34	-
17	"Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	34	-
18	"Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	7	-
19	"Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	15	-
20	"Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	13	-
21	"А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	16	-
22	"Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	17	-
23	"Х.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университеті" мекемесі	5	-
24	"Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	11	-

25	"С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	17	-
26	"Рудный индустриалды институты" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	4	-
27	"М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	20	-
28	"Тараз мемлекеттік педагогикалық институты" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	17	-
29	"М.Х. Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	32	-
30	"Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	9	-
31	"М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті" шаруашылық жүргізу құқындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	60	-
32	"Азаматтық авиация академиясы" акционерлік қоғамы	7	-
33	"Алматы технологиялық университеті" акционерлік қоғамы	25	-
34	"Алматы энергетика және байланыс университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы	7	-
35	"О.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті" акционерлік қоғамы	3	-
36	"Қазақ спорт және туризм академиясы" акционерлік қоғамы	9	-
37	"М. Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы" акционерлік қоғамы	8	-
38	"Абылай хан атындағы Қазақ әлем тілдері және халықаралық қатынастар университеті" акционерлік қоғамы	24	-
39	"Қазақ-Британ техникалық университеті" акционерлік қоғамы	3	-
40	"Халықаралық білім корпорациясы" акционерлік қоғамы	14	-
41	"Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті" акционерлік қоғамы	9	-
42	"КАЗГЮУ Университеті" акционерлік қоғамы	16	-

43	"КИМЭП Университеті" акционерлік қоғамы	8	-
44	"Нархоз Университеті" акционерлік қоғамы	19	-
45	"Ө.А. Жолдасбеков атындағы Экономика және құқық академиясы" көпсалалы оқу-ғылыми өндірістік кешені" мекемесі	2	-
46	"С. Баишев атындағы Ақтөбе университеті" мекемесі	8	-
47	"Алматы экономика және статистика академиясы" мекемесі	2	-
48	"Алматы Менеджмент Университеті" білім беру мекемесі	2	-
49	"Еуразия гуманитарлық институты" жоғары білім беру мекемесі	8	-
50	"Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженер-техникалық институты" мекемесі	2	-
51	"Инновациялық Еуразия университеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	6	-
52	"Л.Б. Гончаров атындағы Қазақ көлік-жол академиясы" мекемесі	1	-
53	"Қазақ гуманитарлық-заң инновациялық университеті" мекемесі	3	-
54	"Қазақ жол қатынастары университеті" мекемесі	2	-
55	"Қазақ технологиялар және бизнес университеті" мекемесі	5	-
56	"Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті" мекемесі	7	-
57	"Қазақ инженерлік-педагогикалық халықтар достастығы университеті" мекемесі	5	-
58	"Қазақтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті" мемлекеттік емес мекемесі	13	-
59	"Каспий қоғамдық университеті" мекемесі	2	-
60	"Абай Мырзахметов атындағы Көкшетау университеті" мекемесі	3	-
61	"Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университет" мекемесі	1	-
62	"Тараз инновациялық гуманитарлық университеті" мекемесі	9	-
63	"Мирас" университеті" мекемесі	2	-
64	"Тұран-Астана" университеті" мекемесі	3	-
65	"Тұран" университеті" мекемесі	7	-

66	"Алматы" университеті" мекемесі	2	-
67	"Сүлейман Демирель атындағы университеті" мекемесі	16	-
68	"Халықаралық бизнес университеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	4	-
69	"Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет " коммерциялық емес мекемесі	3	-
БАРЛЫҒЫ		919	7

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК